

Ж.Б. Карипбаев, Г.А. Ахметжанова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: zhasulankaripbaev@mail.ru)*

## **Бейнелеу өнеріндегі көркемдік стиль және шығармашылық ағымдардың ерекшеліктері**

Мақалада әр дәуірдің көркемдік-бастау, эстетикалық палитрасы қарастырылған. Авторлар бейнелеу өнеріндегі көркем ағымдар мен мектептердің, бағыттардың ерекше маңызына сипаттама берген. Бейнелеу өнеріндегі көркемдік стильдің қалыптасуына талдау жасалған. Көркемдік стильдердің қысқаша тарихтарын, ағымдар мен бағыттарды зерттей отырып, сәулеттік, кескіндеме, мүсін және сәндік-қолданбалы өнері қалыптасты. Әлем өнерінде кеңінен қанат жайған реализм тарихы алуан үлгідегі көркемдік ізденістерге аса бай. Себебі реализм өзегінде жатқан ақиқат, шындық ұғымдарының өзі эстетикадағы түйінді мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты реалист туралы түсінік те суреткерлердің өмір шындығын шынайы бейнелеуге құштарлығы мен дүниетаным деңгейіне орай өнер дамуының түрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды. Екінші мыңжылдықтың кезінде көркем стильдердің алмасуы қысқаша хронологиялық негізде көркемдік-эстетикалық тұрғыда емес, сондай-ақ әлеуметтік психологиялық позиция тұрғысынан қарастырылған. Мақалада әртүрлі өнер жанрларында жұмыс істеген, әр дәуірдегі шеберлер шығармаларының бірігуін, өнердегі көркемдік стильдер, көркемдік-идеялық принциптерді тарихи қалыптасқан көркем стиль ретінде қарастырылған. Бұл стильдің негізгі белгісі біртұтастық ретінде, ең алдымен, сәулет және қолданбалы өнерде көрініс тапқан.

*Кілт сөздер:* суретші, өнер, стиль, ғасыр, романтизм, романтик, реализм, бейне, шығармашылық, көркемдік әдіс.

Суретші стилі өзіндік даралыққа негізделетіні белгілі, ал стильдің өзі суретші ұсынған көркемдік әдіспен тығыз байланысты. «Стиль» ұғымы сияқты көркемдік әдіс туралы түсінікте суретшінің жеке шығармашылық тәжірибесінен, сондай-ақ бір-біріне уақыт, идея, адамгершілік және көркемдік таным тұрғысынан жақын суретшілер тобының тәжірибесінен келіп шығады. Аталған жағдайлардың екеуінде де көркемдік әдіс дегенде, суретшілердің дүниетанымымен, өмірлік тұжырымдамалары мен олардың қоғамдық позицияларымен тығыз байланысты негізгі ұстанымдар, нақтылай айтқанда, ақиқат өмір құбылыстарын танып бағалау, іріктеу, бейнелеу ұстанымдары қарастырылады.

Көркемдік әдіс (грек тілінде — зерттеу жолы) – суреткердің өзі танып білген ақиқат дүниеге шығармашылық қарым-қатынасының жалпы ұстанымы, яғни, ақиқат дүниені қайта жасауы. Сол себепті әдіс өзі қайта тудырған нақтылы дүниеден тыс өмір сүре алмайды. Осы мәнді білдіретін бұл категория тым ерте кездерде-ақ пайда болып, көбінесе «стиль» немесе басқа да қатысты көркемдік категория боп қалыптасқан кезеңі 20-жж. тұспа-тұс келеді. Көркемдік әдіс – өнертану ғылымындағы маңызды ұғымдардың бірі. Ол көптеген суретшілер шығармашылығында қайталана отырып, өнердегі өмірді бейнелі суреттеудің ортақ ерекшеліктерін айқындап, сол арқылы бір немесе бірнеше елде көркемдік ағым (бағыт) туындатады. Мысалы, реализм, романтизм, символизм т.с.с.

Өмірдің көркембейнелеу сипаты, ең алдымен, кубизм, сюрреализм, импрессионизм, суретшінің өмірді бейнелеу үшін таңдаған әдісінің негізінде айқындалады. Көркемдік әдіс нақтылы бір тарихи жағдайларда пайда болады. Яғни, қандай да бір көркемдік әдісті ұсынған суреткерлерді идеал жайындағы түсінік, сол идеалға сәйкес келетін (немесе керісінше) қаһармандар типі, соған орай туындайтын сюжет мәселелері біріктіреді. Қоғамдық-тарихи жағдайлардың алуан түрлілігі көркемдік әдістің де алуан түрін туғызады.

Қазіргі өнертанудағы стиль мәселесі көп жағдайда жекелеген суретшілердің қайталанбас даралықтары деген ойға сияр болса, «әдіс» ұғымы, керісінше, өмірді тану мен бейнелеудің көптеген суретшілер туындыларына ортақ белгі-сипаттары деген түсінікті көрсетеді.

«Әдіс» туралы сөз қозғағанда біздің ойымызға бірінші кезекте көпшілікке етене болып кеткен реализм, романтизм әдістері, олардың ішіндегі түрлі ағымдар оралады. Бұл дұрыс, алайда бұл түсінік жекелеген суретшілерге ғана тән әдістерді де жоққа шығармайды. Осы орайда «суретші әдісі» дегеніміз «стиль» ұғымын қайталап кетпей ме?» деген ойдың тууы да заңдылық. Олардың арасындағы айырмашылықты дұрыс тану үшін мына мәселелерді ажырата білген жөн.

Стильдік ерекшеліктер көркемдік шаралар жүйесінде, олардың ішкі заңдылықтарынан өрбитін байланыстары мен өзара қарым-қатынастары арқылы көрінеді. Ал суретшінің өзіндік көркемдік әдісі оның көркемдік материалды танып-бағалау, таңдау және бейнелеудегі өзіне ғана тән ұстанымдарынан келіп шығады. Демек, стиль мен әдіс — екі түрлі ұғым. Стильді қарастыру көркемдік құралдар жүйесін өзара байланысты заңдылықтар аясында зерттеу болып табылады.

Көркемдік әдісті зерттеу – суретші шығармасындағы өмірдің идеялық-көркемдік тұжырымдар негіздерін зерттеу. Бұл концепция көркем бейнелердің заңды байланыстары мен өзара қарым-қатынастары арқылы танылады. Әдіс суретшінің стилін айқындайды [1].

Бұл жағдай әсіресе суретшіге тән әдісті статикалық сипатта, яғни оның шығармаларына тән негізгі сипаттарды іріктеп қарастырмай, суретші дүниетанымының даму үрдісінде, ақиқатты танып-білудегі түрлі өзгерістегі қалыпта, ұдайы қозғалыста қарастырғанда айрықша байқалады.

Суретші шығармашылығында көркемдік әдістің маңызы зор. Ақиқат құбылыстарды дұрыс танып, бейнелеу үшін таңдау алынған ұстанымдар өмірлік шындықтың ішінен ең маңыздысын, ең қажеттісін шынайы суреттеуге сәйкес келсе, оның мән-маңызы тіптен арта түседі. Ал суретші шығармашылығының өзегіне алынған ұстанымдар ақиқатты бұрмалауға, керітартпа көзқарастарды насихаттауға негізделсе, оның мән-маңызы да кері ықпалды болады. Жеке суретшіге тән әдіс — сол өмірлік ақиқатты құбылыстарды танып, бейнелеу ұстанымдарын көрсету.

Ғасырларды қамтитын көркем өнер тәжірибесі көркемдік бейнелеу ұстанымдары белгілі бір көркемдік әдістің шеңберінде тұйықталып, (реалистік, романтикалық, натуралистік т.с.с.) ұсақ түрін ұстанатын тұтас бір суретшілер тобының шығармашылығына да ортақ болып келеді. Қоғамдық сұраныстарға орай дүниеге келген көркемдік әдістердің бәрі көркемдік дамудың теориялық жинақтаушы болып шығады, үздіксіз даму үстінде болатынына айғақ. Бұл даму суретшінің идеялық-көркемдік жаңалықтарымен қаншалықты байланысты болса, сол жаңалықтардың теориялық тұрғыдан танылып, олардың маңызының анықталуына да соншалықты тығыз байланысты болады. Мысалы, Пушкин, Гоголь жазды, Белинский, Добролюбов талдады. И. Репин, И. Левитон, В. Серов бейнеледі. Көркемдік әдістердің пайда болуы, дамуы және алмасуы әлеуметтік – тарихи жағдайларға қатысты. Қандай да бір қоғамдық жағдайда пайда болған көркемдік әдіс өзінің даму барысында түрлі өзгерістерге ұшырайды, қоғамдық өмірдегі өзгерістерге сәйкес жаңа сипаттарға ие болады.

Мысалы, осы күнге дейін бір ғана реализм әдісі ағартушы реализм, сыншыл реализм, социалистік реализм сияқты сатыларды бастан өткеріп отыр. Қандай да бір көркемдік әдістің, бағыттар мен ағымдардың құндылығы олардың өмір шындығының заңдылықтарын танып, даму арнасын айқындау арқылы идеялық-көркемдік мазмұнның әсерлілігі мен қуатына ықпал ету қабілетімен анықталады. Сонымен бірге өнердің даму тарихында кездескен түрлі әдістер мен ағымдардың жекелеген бағалы сипаттарының қазіргі дәуірдің эстетикалық талап-тілегін өрбітетін көркемдік әдістерге де сіңісіп кетуін, өзінің тарихи-көркемдік мәнін жоғалтпауын заңды құбылыс деп білген жөн. Мұндай әдістердің қатарына XIX ғ. кең тараған романтизм мен реализм әдістерін жатқызуға болады.

Романтизм – Еуропаның көптеген елдерінің бейнелеу және сәулет өнерінде, сондай-ақ Америка өнерінде XVIII ғ. соңы мен XIX ғ. бірінші жартысында аса ірі бағыттардың бірі ретінде пайда болған және әлемдік сипат алып, кеңінен таралған көркемдік әдіс. «Жаңадан пайда бола бастаған бағытқа «романтизм» деген сөз қалайша атау болды?» деген сауалға жауап бере кетелік. XVIII ғ. өмірде болуы мүмкін емес, тек кітаптарда ғана кездесетін, фантастикалық, қалыптан тыс, түсініксіз атаулының бәрі «романтикалық» делінді.

XIX ғ. шенінде «романтизм» сөзі классицизмге қарама-қарсы жаңа көркемдік бағытты белгілеген термин болып енді. Романтизм өзіне дейін бүкіл еуропа елдеріне жайылған ағартушылыққа қарсы қозғалыстардың ең жоғарғы нүктесіне айналды. Оның негізгі әлеуметтік-идеологиялық алғышарты Ұлы Француз революциясының нәтижелерінен, тіпті барлық өркениет атаулыдан түңілу болды.

Алғашқы нышандары сентиментализм мен ілкі романтизмде айнала бастаған буржуазиялық өмір салтын жақтырмаушылық, пасықтық пен бірсарандылыққа, буржуазиялық қатынастардағы өзіншілдік пен сезімсіздікке қарсылық сарыны романтиктерде ерекше өткір сипат алды.

Романтизм сол тұстағы буржуазиялық шындыққа деген көптеген қоғамдық топтардың наразылығын білдірді. Десек те буржуазиялық шындыққа наразылық себептері мен сипаттары әр деңгейдегі әлеуметтік топтарда бірдей болған жоқ. Феодалдық аристократия мен реакцияшыл ұсақ буржуазия революциялық қозғалыстар мен қалыптаса бастаған буржуазиялық құрылысқа қарсыласа отырып, өткенді қалпына келтіруде, орта ғасырлық феодализмді қайта орнатуды аңсады.

Ал қарапайым бұқара ревалюциялық қантөгістердің ақтық нәтижесі XVIII ғасырдың ұлы ағартушылары уәде еткен ақыл-ойдың азаттық пен әділдіктің жарқын патшалығының орнауына қолжеткізер деп күтті.

Әлеуметтік түрлі топтардың 1789–1794 жж. буржуазиялық ревалюцияға деген осындай әрқилы көзқарастарына сәйкес романтизмнің даму бағыттары да алуан арнада көрінді.

Романтизмдегі бағыттардың алуан сипатта дамығандығын айқынырақ тану үшін олардың негізгілеріне тоқталып өткен орынды. Біріншіден, тарихи шындық «ақыл-ойға» бағынбайтын, құпиялар мен оның азаттық аңсарына жат болып шықты. Еуропаның ең үлкен ойшылдары негіздеп, уағыздаған әлеуметтік, өндірістік, саяси және ғылыми прогрестің мүлде, керісінше, сипат иеленуі, яғни жаңа қарама-қайшылықтар мен бітіспес тартыстарды, рухани жұтаңдықты әкелуі, соның салдарынан туған сенімсіздік біртіндеп түпсіз пессимизмге ұласты. Екіншіден, жедел дамып, жаңарып жатқан дүниеге, өмір ағынына, әлемдік тарихи үрдіске ортақтық сезімдері де, тұрмыстың көзден қалтарыс байлығы мен шексіз мүмкіндігін түйсіну де романтизмге тән сипат. Өмірді романтикалық түйсінудің айрықша белгілерінің бірі – адамның азат рухының құдіреттілігіне сену, бүкіл дүниені түбегейлі жаңартуға құштарлық.

Қалың қауымды қамтыған айналадағы өмірге көңілі қалушылық өркениет пен прогресс мүмкіндіктеріне сенімсіздікке қарама-қарсы «шексіздікке», абсолютті әмбебап идеалға деген романтикалық құштарлық қойылды [2].

Романтиктер өмірді бөлшектей жетілдіруді емес, өмірдің бүкіл қайшылықтарын тұтастай шешуді армандады.

Өзінен бұрынғы кейбір бағыттарда да байқалған идеал мен шындық өмір арасындағы айырмашылық романтизмде ерекше қуатқа, айрықша маңызға ие болғаны соншалықты, романтизмде дүниеге қатысты екі мән құрады.

Кейбір романтиктерге өз кезеңінің шындығынан өткен дәуірлерге, немесе өмірге мүлдем жанаспайтын қиялдан туған арман патшалығына кету тән болды. Романтизмде бір сәтте туып, қалыптасып кеткен құбылыс емес. Жаратылыстағы өзгеде құбылыстар сияқты, романтизм-де дамудың түрлі сатыларынан өткенін дұрыс пайымдау үшін оның даму жолына да тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Енді романтизмнің жаңашыл сипаттарына назар аударайық. Романтизмнің жарқын үлгілерінің бірі – прогресшіл романтизм. Прогресшіл романтизм шығармаларында суреттелетін шарттылығы басым жағдайлар ақиқат өмірден өткен дәуірлерге немесе қиял патшалығына көшуді көрсетпейді. Керісінше, бұл шарттылықтар түрлі жолдар арқылы өмірдің шынайы бейнесін ашуға және сол өмір шындығына наразылықтың мәнін түсіндіруге жәрдемдеседі.

Романтиктер дәуір тынысын ұлты жағынан да, географиялық тұрғыдан да әсем үлгіде беруге ұмтылды. Эмпирикалық шындықтың шексіз мүмкіндіктерін салыстыруға келмейтінін мойындауды аңғартты. Біртіндеп романтикалық идеалдың ақиқат өмірде жүзеге аспайтынын, арман мен өмірдің әу бастан арасы алшақ жатқанын саналы түрде түсінуді байқатты. Өз қоғамының ағымдағы өмірін бір сарынды, әрі сұрықсыз деп бағалай отырып, романтиктер әдеттегіден тыс нәрселердің бәріне құштар болды. Оларды фантастика, халықтық аңыздар мен халық шығармашылығы, өткен дәуірлер тарихы, табиғаттың экзотикалық көріністері, алыстағы елдер мен халықтардың өмірі мен тұрмысы, әдет-ғұрпы қызықтырды. Күнделікті ағымдағы тірлікке олар асқақ рухты, арман-құштарлықты, романтикалық махаббат концепциясын, өздері рухани өмірдің ең жоғары көрінісі деп есептеген өнер, дін, пәлсапаны қарсы қойды.

Романтиктер адамның ішкі дүниесінің таңғажайып күрделілігін, тереңдігі мен қарама-қайшылығын, қысқасы, адамның ішкі болмысының шексіздігін ашты. Олар үшін адам – шағын ғалам, микроғарыш. Романтиктерге тән дүниетанымның мәнді белгілері – күшті де жарқын сезімдерге, жан әлеміндегі құпия қозғалыстарға, санамен емес, түйсікпен ғана сезінуге болатын тылсымдарға құштарлық.

Сонымен бірге романтизмге еркіндікті қорғау, жеке адамды бағалау мен дәріптеу, әр адам бойындағы бірегей қасиеттерге ерекше зейін қоюшылық пен дара адамды дәріптеу тән. Жеке адамды мадақтау буржуазиялық қоғамдағы адамдардың даралық бітімін жоғалта бастаған тарихтың аяусыз қадамына деген қарсылықты, өзін-өзі қорғауға ұмтылушылықты танытады.

Романтиктер ұлттық рух пен мәдениет ерекшеліктеріне, әр түрлі тарихи дәуірлердің өзіндік ерекшеліктеріне терең мән береді. Өнердің тарихилығы мен халықтығы – өнердегі романтикалық теория жетістіктерінің бірі. Романтизмге халықтық ұғымы, негізінен, уақыт пен мекенді дәл бейнелеу

мәнінде қолданылды. Романтик-суретші шығармашылығына тән тәсілдердің бірі өмірді ұдайы қозғалыс үстінде, қарама-қайшылықтар күресі үстінде бейнелеу болса, бұл өткенді суреттеу барысында да үнемі көрініс туып отырды. Романтиктерге тән ойлаудың тарихилық сипаты әсіресе, дәл осы кезеңде дүниеге келген тарихи роман, тарихи драма жанрларында әрі айқын, әрі тұтастық сипатта көрінді. Нақты мекеннің, дәуірдің ұлттың, тарихтың, жеке адамның алуан түрлілігі де романтиктер көзқарасында белгілі бір философиялық мәнге ие болды, яғни бұл біртұтас дүниенің байлығын тұтастай танып-білу деп бағаланды.

Эстетика саласында романтиктер классицистер ұстанған «табиғатқа еліктеу» қағидасына ақиқат өмірді жаңғыртып бейнелеуге құқылы суреткердің шығармашылық белсенділігін қарсы қойды. Классицизм эстетикасы қалыптастырған қатаң қағидаларды мойындамай, романтиктер адам баласы жасаған көркемдік түрлерді қай суретшінің де өз қалауынша еркін пайдалануын жақтады. Романтизм эстетикасының түп мәні төмендегі жайларға сайды: суреткер көзге көрініп тұрған шындықтан гөрі, әсем де әсерлі, шынайы, өзіндік айрықша әлемін жасайды.

Өйткені өнер өз бойына дүниенің ең жоғарғы құндылықтарын, терең мәнін жинақтауға қабілетті. Сондықтан да өнердің өзі ең жоғарғы шындық болып табылады. Өнер туындысы тірі организм тектес, ал көркемдік пішін мазмұнның сыртқы бейнесі емес, оның тереңінен өніп шыққан, әрі онымен тығыз байланысты әлдене ретінде түсіндіріледі.

Романтиктер суреткердің шығармашылық еркіндігін, ой-қиялын қызғыштай қорғап, эстетикалық нормаларды, өнердегі өрлеушілікті жоққа шығарды. Романтиктер пікірі бойынша, данышпан қағидаларға бағынбайды, ол оны өзі жасайды. Алайда бұған қарап, олар өздеріне тән жаңа романтикалық қағидалар мен заңдылықтарды қалыптастырған жоқ деуге болмайды. Сонымен бірге романтизм дәуірі көркем жанрлардың жаңаруымен дараланады. Тарихи картиналар, фантастикалық полотнолар, лироэпикалық шығармалардың тууы, лириканың айрықша өркендеуі – романтизм дәуірінің еншісінде. Поэтикалық бейнелеу тәсілдері жағынан қарастырар болсақ, романтиктер өздері үшін ғажайып боп көрінгендігі де, сұрықсыз көрінгендігі де әсерлілік қуатын әлсіретпей жеткізуге себебі тиетін көтеріңкі сарындағы образдарды жасайтын тәсілдердің алуан түрін бірдей пайдаланды.

Поэтикалық сөз мүмкіндігі көп мағыналылық, ассоциативтілік, метафораның молдығы, бейнелеу өнеріндегі тың шешімдер нәтижесінде арта түсті.

Көркемдік бейнелеу ұстанымдары тұрғысынан романтиктер фантастикаға, сатиралық гротескіге, сыртқы пішіндегі ашық шарттылыққа іш тартып, күнделікті мен қалыптан тыс жағдайларды, қайғылы мен күлкіліні батыл араластырды.

Әр елдің ұлттық тарихи даму ерекшеліктеріне қарай романтик-суретшілер шығармашылығының да өзіндік даралық белгілері кездеседі. Сонымен қатар романтизм өкілдерінің шығармашылықтарына тән тұрақты сипаттар да бар. Романтизмнің мұндай ортақ белгілері ретінде оны тудырған тарихи жағдайды, әдіс ерекшеліктерін және қаһарман сипатын атауға болады.

Еуропалық романтизмді дүниеге келтірген тарихи жағдай Ұлы Француз революциясына байланысты өзгерістер кезеңі болғанын, соған байланысты романтик суреткерлер өз дәуіріндегі өзгерістерден қанағаттанған жеке адам еркіндігі идеясын бойға дарытқанын жоғарыда айттық.

Қоршаған дүниені жоққа шығару тенденциясы ортақ бола тұра, романтизм саяси-әлеуметтік көзқарас тұрғысынан тұтастыққа қол жеткізе алмады. Керісінше, романтиктердің қоғамға көзқарасы, қоғамдағы және өз дәуірінің тартыс-талқысы тұстарындағы поэзиясы бір-біріне мүлдем кереғар болып жатты. Бұл орайда олардың бойында революцияшыл (дұрысы, бүлікшіл) көзқарастан керітартпа консервативтік көзқарасқа дейінгі сипаттар қатар ұшырасады. Осыған орай романтизмнің өзін керітартпа (реакциялық), сырттай қызықтаушы (созерцательный), либералдық (ырымшыл), прогрессивті т.с.с. деп таратуға да болады.

Байыбына барар болсақ, романтизмнің ілгершіл, яки керітартпа аталуы оның негізгі көркемдік әдісіне емес, суретшінің әлеуметтік, философиялық немесе саяси көзқарасына қатысты. Себебі көркем шығармашылық мәселесі жеке суретшінің саяси немесе діни сенімдерінен әлдеқайда аз ықшамды мәнге ие. Бір жағынан, жеке адамға, оның қоршаған ортамен қарым-қатынасына деген айрықша құштарлық, екінші жағынан, ақиқат өмірге идеалды өмірді қарсы қою – романтизмнің негізгі тәсілдері болып келеді.

Романтик-суреткер үшін шынайы жаратылысты қаз-қалпында бейнелеу шарт емес. Ол үшін сол өмір шындығына деген өз көзқарасын таныту, түптеп келгенде өзінің ойдан жасалған әлемін көрсету маңызды мән иеленеді. Көбіне-көп романтик-суретшілердің жасаған көркем әлемі қоршаған ортаны шындық өмірге қарам-қарсы сипатта көрсетеді. Өйткені ол өзі тудырған көркем әлем арқылы өзінің

асқақ мұрат-идеалын, өзі жоққа шығарып отырған дүниенің ұнамсыздығын көрерменге жеткізуге, санасына сіңіруге ұмтылады.

Дәл осындай мақсат көздеушілік романтикалық көркем туындының бүкіл құрылымына әсер етіп, оның субъективтілік сипатын айқындайды. Қандай да бір романтикалық туындыдағы оқиғалар автордың өзін айрықша қызықтырған қаһарманның қасиеттерін ашу үшін ғана қажет болды.

Романтизм бейнелеу өнерінде өз қаһарманын, нақтылай айтқанда, суретшінің өзін қоршаған дүниеге көзқарасын танытатын көркем бейнені әкелді. Романтизм қаһарманның ерекшелігі қандай? Аса биік сезімдерден қуаттанған бұл қаһарманның айналадағы дүниеге қатысты әсері де, әрекеті де оқшау, ол өзгелер мойындаған қағидаларға қашан да қарсы тұрады. Сол себепті де ол басқалардан көркемдік ойы озық адам.

Қазіргі кезеңде романтизм тұтастай көркемдік бағытты құрай алмайды, тек қана жекелеген суретшілер шығармашылығында романтизм сипаттары ұшырасады. Сондай-ақ романтизм әсері кейінгі кезеңдердегі неоромантизм, символизм, экспрессионизм бағыттарында, сондай-ақ сюрреалистік тәсілдерде т.с.с. авангардтық ағымдарда байқалып отырады.

Реализм, өнер мен шығармашылықтың дамуына қатысты уақыт жағынан алғанда, романтизмнен кейін пайда болған көркемдік әдіс. Әдіс атауының өзі кейінгі латын тілінде «заттық, шынайы» деген мағына беретін «realis» сөзінен алынған. Әлем өнерінде кеңінен қанат жайған реализм тарихы алуан үлгідегі көркемдік ізденістерге аса бай. Өйткені реализм өзегінде жатқан «ақиқат», «шындық» ұғымдарының өзі эстетикадағы түйінді мәселелердің бірі болып табылады. Осыған байланысты реалист туралы түсінік те суреткерлердің өмір шындығын шынайы бейнелеуге құштарлығы мен дүниетаным деңгейіне орай өнер дамуының түрлі кезеңдерінде өзгеріп отырды.

Мысалы, бейнелеу өнеріндегі өмір шындығымен тікелей астасып жатқан, тіршілік етудің әрбір сәтін жіті пайымдап, адам мен қоғам болмысының дамуының тұтас картинасының айшықталуын беретін сала-тұрмыстық жанр. Тұрмыс – сана мен ғұмыр кешу бағдарын, жалпы әлеуметтік қозғалыс пен оның сан алуан қырларын білдіретін, ішкі психологиялық көңіл-күй алаңы мен мәдени-рухани қалыптардың тұтастандырылған ақиқаты екендігі сөзсіз. Осы ақиқаттың ішкі мазмұны мен сыртқы формасы анық білдіре алатын және оның тұтастығын нақыштайтын өнердің бір саласы кескіндеме өнері. Кескіндеме өнеріндегі тұрмыстық жанр жалпы-адамзаттық таным талғамның шеңберінде дами отыра, әрбір дәуірде, әрбір аймақта өзіндік ерекшеліктерімен дараланған.

Қазақстандағы бейнелеу өнерінің қалыптасуы мен өркендеуі де, тұтастай алғанда, тұрмыстық жанрды айналып өткен жоқ. Оның түпкі нышандарының алғашқы байқалу сәтінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі жетістіктері әр түрлі кезеңдерді бастан өткерді. Сондықтан оның тарихи-әлеуметтік алғышарттарын, қалыптасуының кезеңдерін, даму ерекшеліктерін таразылап өтуіміз қажет.

Тұрмыстық жанрдың негізгі көріністері қазақ кескіндеме өнерінде өткен, ғасырдың 20-30 жж. бастап-ақ орын ала бастайды. Себебі сол кездегі кеңес заманының бейнелеу өнеріне қойылған тақырыптық талаптары еліміздегі осы жанрдың қалыптасуының идеологиялық ықпалы болып табылған еді. Оның кәсіби деңгейде дамуына әсер еткен сыртқы факторлардың бірі — кеңес заманы орыс реалистік мектебі болатын [3].

Ғасырдан ғасырға жалғасқан тұрмыс-тіршілігімізде көркем өнер қолөнерімен терең байланыста сабақтасқандығы, оюмен ой айтқан өнерінің күрделі философиялық жүйесі ұсынылғандығы да қазіргі кезеңдегі қылқалам шеберлеріміздің бұл өнердің жаңа түрін тез арада игеріп, өзіндік қайталанбас қолтаңбасы бар ұлттық мектеп қалыптастыруға септігін тигізгендігі анық.

Демек, Қазақстанның кескіндеме өнерінің қалыптасуы мен дамуындағы басты екі факторды былайша ажыратып аламыз:

1. Экзогенді — сыртқы: орыс реалистерінің тікелей әсері, әлемдік бейнелеу өнерінің жанама ықпалы т.б. Сондай-ақ бұнда әлеуметтік, саяси, идеологиялық факторлар басты роль атқарады.
2. Эндогенді — ішкі: тарихи қалыптасқан дағдылар, байырғы нышандар ұлттық бейімделушілік пен талант т.б.

Бұл психологиялық, ділдік, ішкі сана-сезімнің қуаты арқылы жүзеге асып отырады. Осындай ықпалдардың бірлігі нәтижесінде кескіндеме өнерінің дамуы мен қалыптасуы интенсивті жүзеге асқан еді. Себебі біз назарға алып отырған басты бууы, осы саланың генезисі бір ғасыр көлемінде жүзеге асқан. Ол кескіндеме өнері үшін онша үлкен мерзім емес, өйткені осы өнер саласы батыстық елдерде жүздеген жылдар бойы тәжірибе алаңында шындалып шыққан.

Қазақ кескіндемесіндегі тұрақты көрініс шексіз дала, табиғи кеңістік бейнесі дәстүрлі мазмұнды қамтығанымен, оның аяқталмайтын шетсіздігі мәңгіліктің асқақтығын айшықтайтын, тура қабылдау

сәтінде адамның өзінің ұлылық алдындағы дәрменсіздік сезімін ұғындырады. Осы тұста шексіз даланың көркемдік ой-толғағамдық шарттарын ұсынған Қ. Қабрахановтың «Мен даланың бос кеңістігін ұнатпаймын, бірақ даланың ұшы-қиырсыздығын жақсы көремін». Картинасы. Бұл екі ұғымның арасында айырмашылықта бар, мен даланың бос кеңістігін ұнатпағаныммен, оны теріске шығармаймын өйткені мен дала адамымын. Даланың бос кеңістігін білмеген болсам, даламның ұшы қиырсыз екендігінде сезінбеген болар едім.

Ол — дала адамның, яғни менің өмірім» деген толғанысы да қазақ сахарасының табиғи берілген әсемдігін, асқақтығын, үрейлілік пен тұңғықтылығын айғақтайды, әрі асқақтық пен шынайылықтың осы шексіздікке сиғызылған нұсқасын білдіреді. Картинадағы далада көз алдыңызға елестеген даланың самал желі бетінді аялағандай болса, шырылдаған бозторғай үнін әлемдегі ең керемет әуенге теңестіресіз.

Қазаққа туған жердің мал-жанымен қатар, торғайы да сүйкімді көрінеді. Оған құндылықтың бәрі бірдей. Оның ыңғайға деген құмарттығы оңды жағдайда артты, сол жағдайға бейімделуінде өсті, деп халқымыздың дала философиясын сараптаған ой-пікірлер де біздің осы пікірлерімізді қуаттай түседі. Демек, туындыдағы негізгі бейне мен тылсым табиғат біртұтас үйлесімділікті құраған. Композицияның өн бойында қолданған жеңіл, ашық нәзік түстік түзілім көңілге жылылық ұялатып, өзіндік сыр шертетін әсер қалдырады.

Қылқалам шеберінің шығармашылығы жыл өткен сайын шыңдала түсіп, суретші кейіннен өзекті тақырыптар мен күрделі сюжеттерге ден қояды. Қ. Телжанов туындыларындағы осындай астарлы ойлар, бейненің мән-мағыналық, пластикалық шешіміне күрделі мақсаттар қою, тақырып таңдауы мен бейне шешімінің сипаты оның шығармашылығының негізгі маңызын, көңіл-күй сәтін, ұлттық ерекшелігін анықтайды.

Реализм – көркемдік өнерде өмірді ақиқат өмірдегі «Ата-баба мекені» құбылыстар мәніне сәйкес келетін және өмірдің өзінен алынған шынайы фактілерді көркемдік жинақтау жолдары арқылы жасалатын образдармен бейнелеу әдісі. Әдебиеттің адамды және қоршаған дүниені тану құралы ретінде маңызына ден қоя отырып, реализм өмірді бүкіл қайшылық-кереғарлықтармен тұтас күйінде тереңдей танып білуге ұмтылады. Соған сәйкес суреткердің өмірді барлық қырынан қарастыруына мүмкіндік береді.

Реализм өнері адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, қоғамдық талаптардың адам тағдырына ықпалын, әлеуметтік жағдайлардың адамның жан-дүниесіне. Мінез-құлқына әсерін, қоғамдық-әлеуметтік күштердің даму үрдісіндегі мән-маңызын көрсетеді.

Демек, Қазақстандағы тұрмыстық жанрдың қалыптасуы мен дами бастауының жалпы өткелдері мен сатыларын таразылай келе, ол кезеңдегі суретшілердің туындыларындағы тұтастық, көпқырлылық, тарихилық пен әлеуметтік болып құрылған екі арнаның кіріктірілгендігін, ұлттық сипаттың астарлы көріністерін, шындық өмірдің көркемдік тұрғыдан сәйкестенген нышандарын ұғынуымызға болатындығын көрсеттік.

Осыған орай, бұл жанрдың елімізде одан әрі дамуы мен өркендеуін дәйекті зерттей түсу қажеттілігі туындайды. Бұл мәселе О.В. Батурина атап көрсеткендей: «Бейнелеу өнеріндегі оның ішінде ментальдылықты көріністерді қарастыру образды салыстыруға тікелей байланысты» болатын болса, ендеше біз қарастырып отырған тұрмыстық жанрдың ерекшеліктерін тарихи тұрғыдан ашып көрсету ұлттық рухты, мәдениетімізді қайта жандандыру мен нығайта түсудің шарты болмақ.

Кең мағынада алғанда, реализм категориясы нақты көркем туындының ақиқат өмірге қатынасын анықтауға бағытталады. Бұл тұрғыда туынды авторының қандай да бір көркемдік мектептің немесе бағыттың өкілі болуы шешуші мән атқара алмайды. Шынайы өнер, қалай болғанда да, белгілі бір деңгейде ақиқатты бейнелейтінін ескерсек, бұл орайда «реализм» ұғымы өмірлік шындық ұғымымен бірдей бағаланып, түрлі дәуір өнеріндегі әр текті құбылыстарға қатысты қолданыла береді. Демек, реализмді өмірлік шындық ретінде түсіну жалпы эстетикалық тұрғыдан маңызды болғанымен, әдебиеттануға қатысты алғанда нақтылық мәнге ие ұғымды бере алмайды.

Теориялық жағынан нақтылай айтқанда, «реализм» термині ақиқат болмысты өмірлік шындық тұрғысынан жүйелі сипатта көрсетуге және адам мен қоршаған дүниені саналы түрде көркемдік тұрғыдан танып-білуге ұмтылатын ұстанымдарға негізделген көркем әдісті белгілейді. Сондай-ақ, өнертануда «реализм» терминінің екі түрлі мәнде қолданылатынын да айта кеткен жөн. Оның біріншісі – өзіміз сөз етіп отырған көркемдік әдіс ретіндегі мағынасы да, екіншісі – көркемдік бағыт ретінде XIX ғ. қалыптасқан тарихи нақты мәндегі мағынасы.

Реализм әдісі мен бағытының пайда болуы мен қалыптасу кезеңдері, сондай-ақ аталмыш ұғымдардың өзара қарым-қатынасы жайындағы пікірлер де әрқилы. Кейбір зерттеушілер реалистік бейнелеу ұстанымдары ежелгі дәуірлерде дүниеге келіп, бүгінге дейін бірнеше тарихи кезенді бастан өткерді деген ой айтады. Олардың жіктеуі бойынша, «антикалық реализм», «Қайта өрлеу реализмі», «ағартушы реализм», «XIX ғасыр реализмі», «социалистік реализм» кезеңдері бар. Келесі пікір айтушылар реализмнің пайда болуын қайта өрлеумен байланыстырса, үшінші бір топ реализм бастауын отбасылық-тұрмыстық және әлеуметтік-тұрмыстық роман жанрын жарыққа шығарған ХҮІІІ ғ. сабақтастырады [4].

Солардың арасында неғұрлым басымырақ көрінетін көзқарас тұрғысынан қарастырар болсақ, реализм бағыт ретінде еуропа өнерінде дүниені шыншылдықпен бейнелеу ұстанымы мейлінше кең ауқымда әлеуметтік сипат иеленген ХІХ ғ. 30-жж. қалыптасты деген пікірге тоқталарымыз анық. Осы көзқарасқа сүйене отырып, реализм дамуының басты кезеңдеріне тән сипаттарға зер салып көрелік. Реализмнің романтизмнен кейін пайда болғанын жоғарыда айтып өткенбіз. Реализм мен романтизмнен басқа көркемдік бағыттардың қай-қайсысы да көркемдік үрдіске бірін-бірі теріске шығара отырып араласқаны өнер тарихынан мәлім.

Романтизмнің өзі де өзінің алдыңғы классицизммен күрес үстінде қалыптасқаны белгілі. ХҮІІІ ғ. соңы мен ХІХ ғ. бас кезінде бейнелеу өнерінде салтанат құрған романтизм реализмнің ізашары. Қалыптан тыс жағдайларды ала отырып, қиялдан туған айрықша әлем жасауға және асқақ құштарлықтарды бейнелеуге бағытталған романтизм әдісі өзінен бұрынғы сентиментализм, классицизм, т.с.с. бағыттарға қарағанда, адам болмысын алуан кейіпте, ішкі сезім байлығымен, карама-қайшылықтарымен ашып көрсетуге қабілетті болды.

«Сыншыл реализм» ұғымын тура мағынасында түсіну аталмыш кезеңдегі реализм өнерінің тарихи-нақты маңызын, яғни оның сол дәуірдегі әлеуметтік міндеттерімен байланысын аңғартқанымен, реалистік жауһар туындылардың философиялық мазмұны мен жалпы азаматтық құндылығын толық таныта алмайды. Яғни «сыншыл реализм» терминінің өзі, негізінен, сол кезең өнердегі әлеуметтік-идеялық көзқарасқа көбірек байланысты деуге болады.

Қалай болғанда да, ХІХ ғ. реализмге тән негізгі эстетикалық ұстанымдар мен типологиялық белгілерді түгелдей ашып берді. Әрине, классицизм, романтизм, символизм де өз дәуірінің шындығын бейнелеп, сол шындыққа өз көзқарасын білдіруге ұмтылғанын жоққа шығаруға болмайды. Осындай ерекшеліктер халқымыздың түрлі тарихи дәуіріндегі өнері мен салтынан өнертану, этнографиялық, тарих ғылымдары өз тарапынан зерттеп отырса, біз көркем шығармашылық саласында осы өнердің түрлеріндегі іс-әрекетті қалай үйрету жағын қарастырдық.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Алтаев Ж. Қазақ философиясының қалыптасуы: филол. ғыл. д-ры ... дис. автореф. 09.00.03 / Ж. Алтаев. — Алматы: Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 1997. — 14–22-б.
- 2 Кішібеков Р. Философия / Р.Кішібеков, Ұ.Сыдықов. — Алматы: Атамұра, 1994. — 337 б.
- 3 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения / И.Я. Лернер. — М.: Педагогика, 1981. — С. 55.
- 4 Игнатъев Е.И. Психология изобразительной деятельности детей / Е.И.Игнатъев. — М.: Просвещение, 1981. — 186 с.

Ж.Б. Карипбаев, Г.А. Ахметжанова

### **Особенности художественного стиля и творческих течений в изобразительном искусстве**

В статье рассматриваются идейно-художественная, эстетическая палитра эпохи различных веков. Характеризуются отличительные черты различных художественных течений, направлений, школ, а также подчеркивается особая роль в изобразительном искусстве. Проанализированы виды художественных стилей и направлений в изобразительном искусстве. Изучены краткие очерки художественных стилей, направлений и течений, которые сложились в изобразительном искусстве (архитектура, живопись, скульптура, декоративно-прикладное искусство). Дана краткая хронология сменяемости художественных стилей на протяжении второго тысячелетия, что позволяет осмыслить «логику» смены художественных стилей не только с художественно-эстетических, но и в каком-то смысле с социально-психологических позиций. В статье художественный стиль в искусстве рассматривает-

ся как исторически сложившаяся и социально обусловленная общность идейно-художественных принципов, объединяющая в данную эпоху произведения мастеров, работающих в различных видах и жанрах искусства. Эта общность порождает более или менее устойчивую и единообразную систему художественных форм. Как правило, такое единообразие, как основной признак стиля, проявляет себя, прежде всего, в архитектуре и прикладных искусствах.

*Ключевые слова:* художник, искусство, стиль, века, романтизм, романтик, реализм, образ, творчество, художественный метод.

J.B. Karipbaev, G.A. Akhmetzhanova

### Features of the creative and artistic currents of style in the visual arts

The article discusses the ideological and artistic, the aesthetic palette of the era of different ages. The authors characterized the distinctive features of various artistic movements, trends, schools and emphasizes the special role in the visual arts. Analyzed the types of artistic styles in the visual arts. The authors study short essays on art styles, movements and trends that have developed in the visual arts (architecture, painting, sculpture, decorative arts). This is a brief chronology of the succession of artistic styles throughout the second Millennium, which enable us to comprehend the «logic» of changing art styles not only artistic and aesthetic, but in a sense, the socio-psychological positions. The article art style in art is seen as historically and socially constructed community of ideological and artistic principles that are common in this epoch the works of artists working in a variety of types and genres of art. This community generates more or less stable and uniform system of artistic forms. Typically, such uniformity is the main characteristic of the style manifests itself primarily in architecture and applied arts.

*Keywords:* artist, art, style, century, romanticism, romantic realism, way, creativity, artistic method.

#### References

- 1 Altaev, Zh. (1997). *Kazak filosofiasynyn kalyptasuy [Formation of the Kazakh philosophy]. Doctor's thesis.* Almaty: Al-Farabi KazNU [in Kazakh].
- 2 Kishibekov, R. & Sydykov, U. (1994). *Filosofia [Philosophy].* Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 3 Lerner, I.Ia. (1999). *Didakticheskie osnovy metodov obucheniia [Didactic bases of teaching methods].* Moscow: Pedagogika [in Russian].
- 4 Ignatev, E.I. (1981). *Psikhologhiia izobrazitelnoi deiatelnosti detei [Psychology of graphic activity of children].* Moscow: Prosveshchenie [in Russian].